

Жекешелендіру объектілерін сату жөніндегі аукциондарды ұйымдастыру мен өткізу туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996 жылғы 22 ақпан N 60 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1996 жылғы 11 наурызда тіркелді. Тіркеу N 158. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің 1998.10.22. N 616 қаулысымен, 1998.12.07. (~V980649) ҚР Әділет министрлігінде тіркелген " Жекешелендіру объектілерін сату жөніндегі аукциондар ұйымдастыру мен өткізу туралы Ереже" мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап.

Қазақстан Республикасының Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 U952721_ "Жекешелендіру туралы" заң күші бар Жарлығын орындау, жекешелендіру объектілерін сатуды реттеп отыратын нормативті актілерді осы Жарлыққа сәйкестендіру мақсатымен және Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 13 желтоқсандағы N 2680 U952680_ Жарлығымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Үкіметінің реформалары 1996-1998 жылдары тереңдету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасына" сәйкес Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті

Қ а у л ы е т е д і :

1. Осыған қоса тіркеліп отырған "Жекешелендіру объектілерін сату жөніндегі аукциондарды ұйымдастыру мен өткізу туралы Ереже" бекітілсін.

2. Жекешелендіру объектілерін аукциондарда сатуда акциялар мен шаруашылық серіктестіктері үлестерінің шығарылуы жоғарыда атап көрсетілген Ережеге сәйкес болған жағдайда ғана жүзеге асырылуы тиіс деп белгіленсін.

3. Әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін жекешелендіру басқармасына (Н.Ж. Махимовқа) 1996 жылғы "___" дейінгі мерзім ішінде жекешелендіру объектілерін сату жөніндегі аукциондарды ұйымдастыру мен өткізу тәртібін реттеп отыратын нормативтік актілер мен нұсқауларды Қазақстан Республикасының Президентінің заң күші бар "Жекешелендіру туралы" Жарлығына және "Жекешелендіру объектілерін сату жөніндегі аукциондарды ұйымдастыру мен өткізу туралы Ережеге" сәйкестендіру жөніндегі материалдарды дайындап, ұсыныс енгізу тапсырылсын. 4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Төрағаның орынбасары Т.С.Сарабековаға жүктелсін. Төраға Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі

мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы 22 ақпандағы N 60 қаулысымен бекітілген Жекешелендіру объектілерін сату жөніндегі аукциондарды ұйымдастыру мен өткізу туралы Ереже І. Жалпы ережелер

Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы "Жекешелендіру туралы" заң күші бар Жарлығына және Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 13 желтоқсандағы N 2680 Жарлығымен бекітілген " Қазақстан Республикасы Үкіметінің реформаларды 1996-1998 жылдары тереңдету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасына" сәйкес жасалды және ол жекешелендіру объектілерін сату тәртібін, сондай-ақ аукционға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін ретке келтіріп отырады.

І.І. Негізгі анықтамалар

Ережеде осыдан былайғы жерде анықталатыны сияқты сөздер мен сөз тіркестері төмендегі мағынаға ие болады (егер контексте басқадай мағына қ а р а с т ы р ы л м а ғ а н б о л с а) :

І.І.1. "Жекешелендіру объектісі" - мүліктік кешен ретіндегі мемлекеттік кәсіпорын және мекеме; тұйықталған технологиялық жүйені бұзбай, одан бөлініп алынатын өндірістік бөлімшелер мен құрылымдық бірліктер; сондай-ақ мүліктің б а р л ы қ т ү р л е р і .

І.І.2. "Сатушы" - Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі м е м л е к е т т і к к о м и т е т і .

І.І.3. "Ұйымдастырушы" - сатушы немесе делдал - басқа да заңдық немесе жеке тұлғалар - олар жекешелендіру объектілерін сату жөніндегі аукционды әзірлеу мен өткізуді ұйымдастырады.

І.І.4. "Қатысушы" - аукционға қатысу үшін белгіленген тәртіп бойынша тіркеуден өткен заңдық жақтар немесе жеке тұлғалар.

І.І.5. "Объекті бойынша сауда-саттыққа қатысушы" - объектінің сауда-саттығына келісетіндігін көпшілікке өз нөмірін көтеру арқылы білдіретін қ а т ы с у ш ы .

ЕСКЕРТУ. 1.1.5.-тармақ өзгертілді - ҚР Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1997.02.12. N 79 қаулысымен.

І.І.6. "Сауда-саттық" - жекешелендіру объектілерін сатудың аукциондық түрі.

І.І.7. "Сауда саттықтың ағылшындық тәсілі" - сауда-саттық тәсілі, мұндай тәсіл кезінде бастапқы баға алдын ала жарияланған кездегісінен ең жоғары бағаға сатып алушы бір ғана Қатысушы қалғанға дейін арттырыла береді.

І.І.8. "Сауда-саттықтың голландиялық тәсілі" - сауда-саттық тәсілі, мұндай тәсіл кезінде бастапқы баға алдын-ала жарияланған кездегісінен Қатысушылардың біреуі ғана қалып, жарияланған баға бойынша объектіні сатып алуға келіскенше төмендей береді.

I.I.9. "Объектінің ең төменгі бағасы" - объектіні одан әрі арзанға сатуға болмайтын баға мөлшері.

I.I.10. "Объектінің бастапқы бағасы" - әр объекті бойынша сауда-саттықты бастауға болатын алғашқы баға.

I.I.11. "Сауда саттықта жеңіп шыққан адам" - сауда-саттықта объектінің ең жоғарғы бағасын ұсынған Қатысушы.

I.I.12. "Сатып алушы" - сауда-саттықта жеңіп шыққан адам ол Сатушымен объектінің сату-сатып алу шартын жасасады.

I.I.13. "Екінші Сатып алушы" - сауда-саттықтың ағылшындық тәсілі бойынша аукционда объектіге мөлшері жағынан екінші жоғары бағаны айтқан Қатысушы. Ол сауда-саттық өткізу жөніндегі хаттамаға қол қою арқылы сауда-саттықта жеңіп шыққан Жақ құжаттарды толтырудың барысындағы кез-келген өзінің ұсынған бағасынан бас тартқан жағдайда немесе объектінің құнын төлемеген жағдайда немесе объектінің құнын төлемеген жағдайда объектіні өзі ұсынған баға бойынша сатып алуға келісім білдіруші Жақ.

I.I.14. "Жеке тұлғалар" - Қазақстан Республикасының азаматтары, өзге мемлекеттердің азаматтары, сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғалар.

I.2. Жекешелендіру объектісі

I.2.1. Жекешелендіру объектісі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікке басшылық жасау жөніндегі мемлекеттік комитеті белгіленген тәртіп бойынша Сатушыға сату үшін берілген мемлекеттік мүліктер ғана бола алады.

Жекешелендіру объектісін аукционға шығару жөніндегі шешімді Сатушы қабылдайды.

I.2.2. Жеке ғимараттарда және оған жалғастыра салынған үйлерде орналасқан жекешелендіру объектілері бойынша алғанда аукциондарда объект сол тұтас қалпында, яғни объектінің ғимараттары, үйлері және барлық мемлекеттік мүлкі оған бөлінген жер телімімен қоса сатылады.

Іштен салынған үйлерде жайғасқан жекешелендіру объектілері бойынша алғанда жекешелендіру объектісі орналасқан жер телімінің бір бөлігін сату үшін бөлу егер ол телім жер жөніндегі заңдылыққа сәйкес бөліну разрядына жататын болса ғана рұқсат етіледі. Егер объекті бөлінбейтін жер телімінде орналасқан жағдайда жер телімін ортақтаса пайдаланудың тәртібі алдын-ала келісіліп алынады.

I.2.3. Егер объекті бірінші аукционда сатылмай қалса, ол екінші және одан кейінгі аукциондарға шығарылады. Әр аукцион аралығындағы ең көп уақыт 30 күн болуы тиіс.

1.2.4. Жекешелендіру объектісін аукционға шығарып сату жөніндегі жарияланған хабарландыру жекешелендірудің басталғаны жөніндегі ресми ескерту болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 1.2.4.-бап күшін жойылды, 1.2.5.-бап 1.2.4.-бап болып саналды - ҚР Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996.11.28. N 599 қаулысымен.

1.3. Сатушы және Ұйымдастырушы

1.3.1. Сатушы объектілерді қолданылып жүрген белгілі заңдарда және осы Ережеде белгіленген тәртіп бойынша сатуды жүзеге асырады.

1.3.2. Сатушының өзіне тән негізгі міндеттері мыналар:

- жеке аукциондар бойынша жекешелендіруге жататын объектілердің тізімін бекіту және ол аукциондардың өткізілуі мерзімін белгілеу;
- жер телімінің құнын белгілеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу туралы Мемжеркомның аумақтық органдарына ресми түрде хабарлап отыру;
- аукцион өткізудің тәртібін анықтау;
- объектілердің бастапқы және ең төменгі бағаларын, кепілдік жарналардың мөлшерін бекіту;
- аукциондарды ұйымдастыру және өткізу жөнінде Ұйымдастырушылармен келісім-шарт жасасу;
- аукциондарды ұйымдастыру мен өткізудің барысына бақылау жасауды жүзеге асыру;
- сауда-саттықта жеңіп шыққан Жақтармен сатып алу-сату жөніндегі келісім-шарттарды жасасу және олардың орындалуын бақылауға алу;
- жекешелендіру объектілерін екінші және одан кейінгі аукциондарға шығару тәртібін белгілеу;
- Қатысушылармен, Сатып алушылармен және Ұйымдастырушылармен есеп айырысуды жүзеге асыру.

ЕСКЕРТУ. 1.3.2. -бап өзгертілді - ҚР Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996.11.28. N 599 қаулысымен.

1.3.3. Сатушы аукционды өзінше ұйымдастырады және өткізеді, немесе жекешелендіру объектілерін сату жөніндегі аукционды ұйымдастыру және өткізу туралы Ұйымдастырушымен келісім-шарт жасасады.

Сатушы осы Ереженің 1.3.2. баптарында тізіп көрсетілген өз міндеттерін өзгелерге беруге құқықты емес.

1.3.4. Жекешелендіру объектілерін сату жөніндегі аукционды ұйымдастыру мен өткізу туралы келісім-шарт Сатушы мен Ұйымдастырушының арасында жазбаша түрде жасалады және онда мыналар атап көрсетіледі:

- жекешелендірілетін объектілердің жеке аукциондар бойынша бөліп

к о р с е т і л г е н

т і з і м і ;

- аукциондарды өткізудің шектеулі мерзімдері;
- әр объектіні сату кезіндегі сауда-саттықты өткізу тәсілі;
- әр объект бойынша Ұйымдастырушыға берілетін құжаттардың тізімі;
- аукционды әзірлеу барысы мен өткізу жөнінде Ұйымдастырушының есеп беріп отыру мерзімі мен түрі;
- аукционға қатысушы жақтардың өзара міндеттемелері мен мүліктік жауапкершілігі;
- Ұйымдастырушының алатын сыйақысының мөлшері мен шарттары және Сатушымен есеп айырысу тәртібі;
- келісім-шарттың күшінде болатын мерзімі және оны бұзудың шарттары.

1.3.5. Ұйымдастырушының алатын сыйақысының мөлшері әрбір объектінің сатылу бағасының 5 процентінен артық болмауы тиіс. Сатып алушы осы Ереженің 4.2. баптарындағы талаптарға сәйкес алдын-ала аванс төлемін жасауы тиіс. 1.4. Аукционға қатысушы 1.4.1. Аукционға қатысуға осы Ереженің 2.5. бабында белгіленген тәртіпке сәйкес тіркеуден өткен жеке тұлғалар, мемлекеттік емес заңдық жақтар және шетелдік заңдық жақтар жіберіледі. 1.4.2. Мыналар аукционға қатысушы бола алмайды: а) Жарғылық қорларында мемлекеттік меншіктің мөлшері 20 проценттен артық шаруашылық серіктестіктері; ә) аукционды Ұйымдастырушы; б) Аукционшы; в) Алдыңғы өткен сауда-саттықтарда жеңіп шыққан, бірақ сатып алу-сату келісім-шарттарын жасасу және орындау жөніндегі тиісті міндеттемелерін орындамаған жақтар. 1.5.

Аукционға келуші Аукционға келуге тілек білдірушілердің бәрінің де құқығы бар. II. Аукцион өткізуге әзірлену 2.1. Аукционды әзірлеу тәртібі 2.1.1. Аукционды өткізуге әзірлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі: - аукционға қойылатын объектілердің тізімі анықталады; - әрбір объектіні сату тәсілі белгіленеді; - объектілердің бастапқы және ең төменгі бағалары белгіленеді; - кепілдік жарна енгізудің мөлшері мен тәртібі белгіленеді; - аукцион өткізілетін күн белгіленеді; - қажет болған жағдайда аукционды ұйымдастыруға және өткізуге келісім-шарт жасасуға құқық беретін тендер өткізіледі; - объектілерді барып көру тәртібі белгіленеді; - аукционды өткізу туралы хабарландыру жарияланады және басқа да жарнамалық жұмыстар жүзеге асырылады; - кепілді жарналар қабылданады; - Қатысушыларды тіркеу жүргізіледі. 2.2. Жекешелендіру объектілерінің бастапқы және ең төменгі бағалары

2.2.1. Жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы жекешелендірілетін объектілердің бағасын ретке келтіріп отыратын қазіргі қолданылып жүрген құқықтық актілерге сай белгіленеді.

2.2.2. Қажет болған жағдайда объектінің бастапқы бағасы негізгі қорлардың (құрал-жабдықтардың) құнын арттыру коэффициентіне индексацияланады. 2.2.3.

Ең төменгі баға сауда-саттық тәсілінің қандай болатынына байланысты белгіленеді: а) сауда-саттықтың ағылшындық тәсілі кезінде төменгі баға бастапқы бағаға тең болады; ә) сауда-саттықтың голландық тәсілі кезінде баға белгіленбеуі мүмкін. Аз деңгейдегі баға белгіленген кезде, оның көлемі сауда-саттық өткізу жөніндегі хабарламада көрсетіледі. ЕСКЕРТУ. 2.2.3.-баптың ә)-тармақшасы жаңа редакцияда - ҚР Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996.11.28. N 599 қаулысымен. 2.3. Кепілді жарна

2.3.1. Сауда-саттықта жеңіп шыққан жағдайда Кепілді жарна Қатысушының мынадай міндеттемелерін қамтамасыз ету шарты болып табылады:

- сауда-саттықтың қорытындылары туралы хаттамаға қол қою;
- сауда-саттықтың қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес сатып алу-сату келісім-шартын жасасу;
- сатып алу-сату келісім-шартына байланысты міндеттемелерді мұқият орындау.

2.3.2. Аукционға қатысу үшін төленетін кепілді жарнаның мөлшері жекешелендірілетін, сөйтіп аукционға шығарылатын барлық объектілер үшін бірдей мөлшерде белгіленеді және мына төмендегі тәсіл бойынша есеп жасалады:

а) әрбір объект бойынша объектінің бастапқы бағасының 10 проценті мөлшерінде белгіленеді;

ә) осы баптың "а" пунктінде алынған орташа арифметикалық өлшем бірлігі белгіленеді;

б) сауда-саттықтың ағылшындық тәсілі бойынша аукционға шығарылатын объектілердің қатарында әр объектінің ең төмен бастапқы бағасы белгіленеді;

в) сауда-саттықтың голландиялық тәсілі бойынша аукционға шығарылған әрбір объектінің ең төменгі өлшем бірлігі оның бастапқы бағасының 50 процентіне тең деп белгіленеді;

г) кепілді жарнаның мөлшері осы баптың "ә", "б" және "в" пункттерінде алынған ең төменгі өлшем бірлігіне тең деп қабылданады.

Голланд әдісі бойынша саудаға қойылатын өткізілмеген кешендер бойынша ең аз баға тағайындалады, кепілдік жарнаның мөлшері сатушының қалауы бойынша тағайындалады.

ЕСКЕРТУ. 2.3.2-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаментінің 1997.08.04. N 386 қаулысымен. V970051_

2.3.3. Қатысушылар кепілдік жарналардың кез-келген санын ұсынуға құқықты. Бірақ мұндай кезде кепілді жарнаның біреуі бір объектіні сатып алуға ғана құқық береді. Ұйымдастырушы да, Сатушы да Қатысушыдан оның сауда-саттық кезінде қандай объектіні сатып алуға қатысатыны жөнінде ақпарат

т а л а п е т у г е қ ұ қ ы қ т ы е м е с .

2.3.4. Кепілді жарна сауда-саттықты өткізу жөніндегі хабарландыруда белгіленген түрде және тәртіп бойынша енгізіледі. Мұның өзі қолданылып жүрген заңға сәйкес болуы шарт. Кепілді жарнаның мөлшері хабарландыру жарияланып кеткеннен кейін ешқашан да өзгертіле алмайды. Кепілді жарна Қатысушының атынан кез-келген өзге жеке тұлға арқылы енгізіле алады. Кепілді жарнаны қабылдап алушы Сатушы болып табылады.

2.3.5. Сауда-саттықта жеңіп шыққан және сатып алу-сату келісім-шартын жасасқан Жақтың кепілді жарнасы сатып алу-сату келісім-шарты бойынша тиісті болатын төлемдердің есебіне жатқызылады.

Егер сатылатын объектінің құны Кепілді жарнаның сомасынан кем болып шыққан жағдайда олардың арасындағы айырмашылық 5 банк күнінен кешіктірілмей сауда-саттықта жеңіп шыққан Жаққа қайтарылады. Егер сауда-саттықта сатып алған объектілерінің санынан көп болып шықса, онда пайдаланылмай қалған Кепілді жарналар Қатысушыға 5 банк күнінен кешіктірілмей қайтарылуы тиіс.

Сатушы Кепілдік жарнаны мынадай жағдайларда қайтармайды:

- аукционды өткізуге үш күннен артық уақыт қалмаған кезде оған қатысудан б а с т а р т қ а н жағдайда;

- сауда-саттықта жеңіп шыққан Жақтың және Екінші Сатып алушының (сауда-саттықтың ағылшындық тәсілі кезінде) сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюдан немесе сатып алу-сату келісім-шартын жасасудан б а с т а р т қ а н жағдайда;

- сатып алу-сату келісім-шарты жөніндегі міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда;

- Қатысушының оған осы Ереженің және Қазақстан Республикасы заңының талаптарына сай келмейтіндігі байқалған жағдайда.

Бұдан басқа жағдайлардың бәрінде де кепілді жарналар аукцион аяқталғаннан кейінгі 5 банк күнінен кешіктірілмей қайтарылады. Ал егер ақша Сатушының есебіне аукционнан соң түскен болса, онда ақшаның келіп түскен күнінен бастап санағанда 5 банк күні ішінде қайтарылады.

2.4. Сауда-саттықты өткізу жөнінде хабарлау және басқа да жарнамалық материалдар

2.4.1. Аукцион өткізу жөніндегі хабарландыру аукцион өткізілетін күннен кем дегенде 15 күн бұрын республикалық ресми баспасөз бетінде қазақ және орыс тілдерінде жарияланатын болуы тиіс.

Егер жекешелендіру объектісі белгілі бір облыстың аумағында орналасқан немесе аукцион сол облыстың аумағында өткізілген жағдайда мұндай

хабарландыру жергілікті баспасөз бетінде қосымша түрде жариялануы тиіс.

2.4.2. Сауда-саттықты өткізу жөніндегі хабарландыруда мыналар көрсетілуі керек :

- аукционның өткізілетін күні, орны және уақыты;
 - сауда-саттыққа шығарылатын объектілердің қызмет атаулары мен негізгі бағыттары ;
 - әр объект бойынша сауда-саттық өткізудің тәсілі;
 - сатуға шығарылатын объектілердің бастапқы бағалары;
 - кепілдік жарнаның мөлшері және оны алушының есеп-шоты;
 - өтініштердің қабылданатын орны және қабылданып бітетін мерзімі;
 - телефондар мен анықтамалар алатын адресстер;
 - объектіні Екінші Сатып алушының сатып алу мүмкіндігі;
- Сатушы өз шешіміне сай қабылдайтын басқа да ақпараттар.

2.4.3. аукционға қойылатын барлық объектілер бойынша хабарландыру жарияланғанға дейін объектілердің проспектілері алдын-ала әзірленіп, жалпы жұрттың оп-оңай көре алуына болатын жерлерге ілініп қойылуы тиіс, онда дебиторлық және кредиторлық қарыздардың және мүліктің салмақтық сомасы туралы, сондай-ақ жекешелендірілетін объектілерді барып көру тәртібі туралы хабарлар міндетті түрде болуы тиіс.

2.4.4. Бұған қосымша Ақпараттық бюллетень шығаруға да болады. Онда жекешелендірілетін объектілер туралы қосымша ақпараттар (өнім шығару көлемі , шикізат алатын және өнім тарататын рыноктар, негізгі қорлардың сипаттамасы және басқалары) беріледі .

2.4.5. Хабарландыру жарияланғаннан кейін Ұйымдастырушы барлық тілек білдірушілердің сатуға қойылатын объектілер жөніндегі және аукционды өткізу ережелері туралы ақпараттарды емін-еркін көре алатын болуын қамтамасыз етуге міндетті .

2.4.6. Жарнаманың өзге түрлері ұйымдастырушының қалуынша емін-еркін жүзеге асырылады және олар Қатысушылардың мейлінше қалың тобын тартуға бағытталған болуы тиіс .

2.5. Қатысушыларды тіркеу

2.5.1. Аукционға Қатысушыларды тіркеу хабарландыру жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталардан бір сағат бұрын аяқталады.

2.5.2. Аукционға Қатысушы ретінде тіркелу үшін мынадай құжаттар қажет:

- аукционға қатысуға тілек білдірген өтініш;
- төлқұжат немесе жеке басты куәлендіретін басқа да құжат;
- кепілдік жарнаны төлегендігін растайтын төлем құжатының түпнұсқасы немесе көшірмесі ;

- өкіл болатын адамның өкілеттігін растайтын құжат.

Зандық тұлғалар мынадай құжаттарды қосымша тапсырады:

- заңдық тұлғаның жарғысының және тіркелгендігі туралы куәліктің нотариус куәлендірген көшірмелері;

- шаруашылық серіктестіктер бұған қосымша осы Ереженің 1.4.2. пунктіне сәйкес жарғылық қордағы мемлекеттің үлесі жөнінде ақпарат беретін акционерлер тізімінің көшірмесі тапсырады.

2.5.3. Сатушы мен Ұйымдастырушының мыналарға құқығы жоқ:

- Қатысушыдан аукционға шығарылған объектілердің қандай да болсын белгілі бір түрін сатып алу жөніндегі ниеті туралы ақпарат талап етуге;

- сауда-саттықты әзірлеу және оны өткізу кезінің барлығында да сауда-саттыққа Қатысушыларға байланысты ақпараттарды жариялап жіберуге;

- осы Ереженің 2.5.2. пунктінде атап көрсетілгендерден өзге қосымша құжаттарды Қатысушы ретінде тіркеу үшін қосымша талап етуге.

2.5.4. Тіркеуден өткен Жаққа Қатысушының билеті беріледі, ал ол билет аукцион өтетін күні аукциондық нөмірге ауыстырылады. Бұл кезде Ұйымдастырушы белгілі объектілерге бекітіп берілген нөмірлерді тіркеуге құқықты емес. Сауда-саттық барысында біреудің аукциондық нөмірін екінші біреудің пайдалануына қатаң тыйым салынады.

2.5.5. Егер үшінші және келесі саудада жекешелендіру объектісі жалғыз қатысушыға сатыла беретін жағдайды қоспағанда, аукционға қатысушылар саны екеуден кем болса, аукцион болмаған деп жарияланады.

ЕСКЕРТУ. Қаулы 2.5.5.-баппен толықтырылды - ҚР Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996.11.28. N 599

қ а у л ы с ы м е н .

III. Аукционды өткізу

3.1. Аукционды Аукционшы өткізеді. Аукцион оны өткізу ережелері жарияланған күннен басталады. Аукционға Қатысушылармен оған келуші тұлғалардың аукционның барысына ықпал етуге немесе оны өткізу ережелерін бұзуға құқығы жоқ. Ондай әрекет байқалған жағдайда олар аукцион өткізілетін залдан шығарып жіберіле алады. Объектілерді сауда-саттыққа шығарудың жүйесі жөніндегі шешімді Аукционшы қабылдайды.

3.2. Әр объект бойынша жасалатын сауда-саттық Аукционшы жекешелендірілетін объектінің атын, оның қысқаша сипаттамасын, сауда-саттықты өткізу тәсілін, бастапқы бағаны және бағаны өзгерту қадамдарын хабарлаған сәттен басталады. Аукционшы сауда-саттық басталар алдында әрбір объекті бойынша объектілердің сауда-саттығына Қатысушылардың санын белгілейді. Егер объектінің сауда-саттығына Қатысушылардың саны екеуден кем

болса, онда сауда-саттық өткізіледі деп жарияланады, үшінші және одан кейінгі сауда-саттықтан басқа жағдайда объекті жалғыз ғана қатысушыға сатылуы мүмкін. Аукционшы бағаны өзгерту қадамын хабарлағаннан соң оны сауда-саттық барысында өзгертуге құқы емес. Бағаны өзгерту қадамы объектінің ағымдағы бағасының 5 процентінен 10 процентіне дейінгі мөлшерде белгіленеді.

ЕСКЕРТУ. 3.2. -тармақ толықтырылды - ҚР Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1997.02.12. N 79 қаулысымен.

3.3. Сауда-саттық төменде сипатталатын екі тәсілдің біреуі бойынша өткізіледі.

3.3.1. Сауда-саттықтың ағылшындық тәсілі:

Объект бойынша жүргізілген сауда-саттық оған қатысушылардың әрбір жеке объекті бойынша екіден кем болмаған жағдайында ғана дұрыс өткізілді деп саналады.

Сауда-саттықта жеңіп шыққан Жақ белгілі болғаннан кейін Сатушы сауда-саттықта жеңіп шыққан Жақтың сатып алу-сату туралы келісім-шарт жасасу жөніндегі, сондай-ақ оны орындау жөніндегі атқарылатын істер мен тиісті міндеттемелерін орындамай кететін жағдайы да кездесуі мүмкін екенін ескеріп, сауда-саттық барысында сол объектіге мөлшері жағынан жоғары екінші баға айтқан Қатысушыға (Екінші Сатып алушыға) объектіні сатып алу құқығын ұсынуға міндетті.

ЕСКЕРТУ. 3.3.1.-баптың 2-абзацы алынып тасталды - ҚР Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996.11.28. N 599 қаулысымен.

3.3.2. Сауда-саттықтың голландиялық тәсілі:

- Аукционшы объектінің бастапқы бағасын хабарлайды және бағаны өзгерту жөніндегі өзі мәлімдеген қадамға сай жаңа бағаны хабарлап, оны төмендетіп отырады. Аукционшы баға жарияланған кезде аукциондық нөмірін бірінші болып көтерген Қатысушының нөмірін атайды. Және балғаның соғылуы арқылы оны әлгі нақты объект бойынша өткізілген сауда-саттықта жеңіп шығушы Жақ деп хабарлайды.

Егер екі немесе одан да көп нөмірлер бір мезгілде көтеріле қалған жағдайда олардың ең бірінші болып қайсысы көтерілгені жөніндегі шешімді Аукционшы қабылдайды. Бұл ретте Қатысушылар оның шешіміне дау айтуға құқықты емес. Сирек кездесетін төтенше жағдайда Аукционшы жеребе тарту тәсілін қолдануға құқықты.

Аукционшы объектінің ең төмен бағасын хабарлаған кезде бірде-бір

Қатысушы сол объектіні сатып алуға тілек білдірмеген жағдайда ол объекті сауда-саттықтан алынып тасталады.

Сауда-саттықтың бұл тәсілі электрондық жүйені қолдану арқылы да жүзеге асырылуы әбден мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 3.3.2.-баптың 4-абзацы алынып тасталды - ҚР Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996.11.28. N 599 қаулысымен.

3.4. Бір аукционда сауда-саттықтың екі тәсілін де қолдануға рұқсат етіледі. Мұндай жағдайда бірінші кезектегі сауда-саттық голландиялық тәсіл бойынша жүргізіледі.

3.5. Әрбір сатылған объекті бойынша жүргізілген сауда-саттықтың нәтижелері оның нәтижелері жөніндегі хаттама арқылы жазбаша түрде рәсімделеді.

Аукционшы хаттамаға қол қою үшін сауда-саттықта жеңіп шыққан Жақты, Екінші Сатып алушыны (сауда-саттықтың ағылшындық тәсілі қолданылған кезде) шақырады. Хаттама төрт дана болып жасалып, Сатушыға, Сатып алушыға, Мемжеркомның аумақтық комитетіне және Ұйымдастырушыға бір-бірден беріледі. Ұйымдастырушы сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттаманың бір данасын аукцион өткізілгеннен кейінгі бір күннен кешіктірмей Сатушыға беруге міндетті.

3.6. Сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттама сауда-саттықтың нәтижелерін және сауда-саттықта жеңіп шыққан Жақтың және Сатушының жекешелендіру объектісін сатып алу-сату келісім-шартын сауда-саттықтың барысында белгіленген баға бойынша жасау жөніндегі міндеттемелерін айқындап көрсететін құжат болып табылады.

Сауда-саттық аяқталғаннан кейінгі үш күннің ішінде аукционда сатып алынған объект немесе оның мүліктері аукциондағы сауда-саттықта жеңіп шыққан Жаққа берілуі тиіс. Ол үшін сауда-саттықта жеңіп шыққан Жақ, жекешелендірілген объектінің басшысы, Сатушының өкілі объектіні қабылдап алу-тапсыру актісін жасайды. Онда сол объектінің қаржылық активтері мен пассивтерінің құны көрсетілуі тиіс (ал жойылған объект жекешелендірілген жағдайда қабылдап алу-тапсыру актісіне қаржылық активтер мен пассивтер енгізілмейді, оларды өндіріп алу Қазақстан Республикасының заңы бойынша белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады). Объектінің мүлкі сауда-саттықта жеңіп шыққан Жаққа оны сақтау жауапкершілігі жүктелетін шарт бойынша беріледі және бұл туралы қабылдап алу-тапсыру актісіне Сатушы арнайы белгі соғады. Қабылдап алу-тапсыру актісін Сатушы бекітеді.

Сатып алушы мен Сатушы сауда-саттық аяқталғаннан кейін 10 календарлық

күннен кешіктірмей, қабылдап алу-тапсыру актісінің, сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттаманың және жеке тұлғалар үшін табыс табу көздері жөніндегі декларацияның деректері негізінде сатып алу және сату келісім-шартына қол қояды. Бұл екі арада 10 календарлық күн өтіп кеткеннен кейін бұл құқық өз күшін жояды.

Жеке тұлға құны бір мың есептік көрсеткіштен асып кеткен жағдайда жекешелендірілетін объектіні сатып алу кезінде сатып алу-сату келісім-шартына өзінің ақшалай қаржысының көздері жөніндегі декларацияны салық органдарына тапсырғандығы жөніндегі декларацияны салық органдарына тапсырғандығы жөніндегі анықтаманы қоса тіркейді.

Қабылдап алу-тапсыру актісін рәсімдеу және сатып алу-сату келісім-шартын жасасу жөнінде осы Ережеде белгіленген мерзімдер Екінші Сатып алушы үшін оның объектіні сатып алуға деген құқығының пайда болу мерзімінен басталады, бірақ бұл жөнінде оған хабарланғанынан кейін үш күн мерзімнен аспауы тиіс.

3.7. Егер объект аукционда сатылмай қалған жағдайда ол келесі аукциондарға осы Ереженің 1.2.4. бабында көрсетілген шарттарға сай жағдайда ғана шығарылады.

Егер ол объект сатуға белгіленген тәртіп бойынша берілгеннен кейін алты айдың ішінде сатылмаған жағдайда Сатушы ол объектіні Мемлекеттік мүлікке басшылық жасау жөніндегі тиісті аймақтық комитетке бұдан кейін тиісті шешім қабылдау үшін қайта тапсырады.

IV. Сатып алушылармен есеп айырысу тәртібі және меншікке ие болу құқығын рәсімдеу

4.1. Жекешелендіру объектісін сатып алу-сату келісім-шарты Сатушы мен Сатып алушы арасында жазбаша түрде жасалады. Онда келісім-шарттың не жөнінде екені, екі жақтың құқықтары мен міндеттері, объектінің құны, төлем төлеудің түрі мен мерзімі көрсетілуі тиіс.

4.2. Сатушы мен Сатып алушы арасында сатып алу-сату келісім-шарты бойынша есеп айырысу жүргізіледі, ал бұл кезде Сатып алушы есеп айырысуды мынадай тәртіппен жүргізеді:

а) аванстық төлем сауда-саттық барысында белгіленген бағаның кем дегенде 50 проценті мөлшерінде төленеді, мұның өзі сатып алу-сату келісім-шартына қол қойылғаннан кейін 5 банк күнінен кеш емес мерзімде жүзеге асырылады. Кепілдік жарна төленуге тиісті аванстық төлемнің есебіне жатқызылады;

ә) қалған сома сатып алу-сату келісім-шартына қол қойылғаннан кейін 30 календарлық күннен кешіктірілмей төленуі тиіс.

4.3. Аванстық немесе түпкілікті төлем төлеу мерзімдері өтіп кеткен жағдайда Сатушы келісім-шартты біржақты тәртіп бойынша бұзуға және Сатып алушыдан

кепілдік жарна арқылы өтелмеген нақты шығындардың төлемін талап етуге
қ ұ қ ы қ т ы .

4.4. Жекешелендіру объектісінің толық төлемі өтелгеннен кейін сатып алу-сату келісім-шартына тиісті белгісі соғылады. Мұның өзі әлгі нақты объектіге меншік иесін өзгерту жөніндегі мемлекеттік тіркеу жүргізу үшін заңды
н е г і з б о л а а л а д ы .

4.5. Жекешелендірілген объектіге және сатып алу-сату келісім-шарты бойынша көрсетілген жер теліміне меншік иесі болу құқығы Сатып алушының Қазақстан Республикасының азаматтық Кодексінде және Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар "Тұрақты мүлікке және оған байланысты келісім жасауға берілетін құқықты мемлекеттік тіркеу туралы" Жарлығында атап көрсетілген тәртіп бойынша тіркелген кезден бастап күшіне
е н е д і .

4.6. Түпкілікті төлемі жүргізілмеген жекешелендіру объектілері одан кейінгі сауда-саттыққа осы Ереженің 1.2.4. пунктінде алдын-ала көрсетілген тәртіп
б о й ы н ш а ш ы ғ а р ы л а д ы .

V. Жекешелендіру объектілерін сатудан т ү с к е н қ а р ж ы л а р

5.1. Жекешелендіру объектілерін сатудан түскен қаржылардың 50 проценті республикалық бюджет табысына және 50 проценті жергілікті бюджеттің табысына беріледі. Бұл ретте аукционды ұйымдастыру мен өткізуге кеткен
ш ы ғ ы н д а р ұ с т а л ы п қ а л ы н а д ы .